

# Жұлдыз

Нұрлан Оразалин

«БҰЛ ӨМІРДЕ – БӘРІ АҚИҚАТ,  
БӘРІ АҢЫЗ...»

Мамадияр Жақып

МӘНГІЛІК САҒЫНЫШ

Жанат Елшібек

ТҮСІМДЕ КӨРГЕН КІТАП немесе  
ТҰҒЫР ТУЫНДЫ

10  
2015



## ТҮСІМДЕ КӨРГЕН КІТАП немесе ТҰҒЫР ТУЫНДЫ ӨЗЕКТІ ӨМІРДІҢ ӨЗ ӨРНЕГІ

...Қилы-қилы күйге түсіріп, қилы-қилы ойға шомдырған жас жазушылар әңгімелер жинағының соңғы беттерін парақтап отырмын. «Шынымен-ақ көмбе төбесі көрінгені ме?..» Сон-ау-у сары ала күзде үркектей ниет қылған шаруаның бас-аяғы дөңгеленіп қалғандай. Тоғызыншы айды тауысып, оныншыға бет бұрыппыз. «Көз – қорқақ, қол – батыр». Қазекем дұрыс айтады. Енді бір сілкінсем дйттеген асудан секіріп өтетін сықылдымын. Бірақ, осы соңғы бекеттің біршама бөегені бар. Тіпті ойым шоқырақтап, қиялым кібіртіктеп, қаламым жүрсейші. Жазу да өнбейді. Әншейінде өт-өзегімнен сауылдай құйылар сиқыр сөздің бірі жоқ. Құдіретті қалам ұшына жоламайды-ай! Есесіне әлдеқандай бейтаныс бейне миымнан кетсейші. Екі-үш күннен бері жанарымның алдында көлбеңдейді де тұрады. «Бұл қалай? Сонда Мүбәрак Сыдықовты жақсы танитын жан баласы жоқ па?.. Жан-жаққа хабарласып, сұрастырмаған адамымыз қалмады ғой. Жарайды. Егжей-тегжейін кейінірек шертейінші...

«Таңғы шыққа» Мүбәрак Сыдықовтың екі әңгімесі еніпті. Олар – «Меруерт» және «Қарымта». Екеуі де елең еткізерлік шып-шымыр дүние. Қос шығармадан біршама төселген қалам табын анық аңғарасың. Ширақ та әсерлі өрбіген оқиға желісі өзіне қызықтырып, бірден баурап алады. Әңгімелердің идеясы – ауыл адамдарының тіршілік-тынысы, олардың бойында ұшырасатын асыл қасиеттер мен жағымсыз іс-әрекеттер, сондай-ақ адалдық жолында шыр-пыр боп күйген қарапайым жандардың кесек мінез-құлықтары.

Ізгілік пен имандылық иіріміне құрылған алғашқы әңгіменің бас қаһарманы Меруерттің тағдыры жаныңды тербеп, жүрегіңді дір еткізеді. Әп дегенде ынтықтыра жетелей жөнелетін оқиғаның табан астынан шиыршық атып, біртіндеп күрделене түсуі көңіліңді қатты мазалайды. Тіпті, өрімтал қыздың тосын мінезі күдік бұлтын қоюлатып, әрқалай ойға батырады. Күндегі әдетінше қызын тағатсыздана күткен Меңдікүл апай аулаға әлденеше мәрте кіріп-шығып, Меруерттің жолына қарағыштай берген. Кешкі тамағын да әзірлеп қойғаны қашан. «Әбден кешікті ғой өзі. Құлыным-ай, қаның кепті-ау, мына қапырықта!» Әке-шешесінің айтқанына құлақ аспаған Меруерт биыл мектеп бітірісімен еңбекке араласқан. Ауыл қырманьында жұрт қатарлы жұмыс істеп жүр. Институтты сырттай оқымақшы. Қанша үгіттесе де, қайсар қызының бетін қайыра алмаған Бошай қарт Меруерттің ығына амалсыз жығылған.

Енді міне, жұмыстан кештетіп жеткен тұлымшағының сынық жүзін көрген Меңдікүл шешей қатты үрейленеді. Екі көзі бұлаудай ісіп, қыстығып сөйлей алмаған Меруерт құрақ ұшқан оның құшағына сылқ етіп құлағанда есінен тана жаздайды. Жазушы аласапыран сәтті төмендегіше бейнелейді.

Соңы. Басы өткен сандарда.

« – Құлыным, не болды, кім тиді, – деп ана шыр ете қалды. Бірақ жалғызының үні шықпайды. Кеудесін керген ащы өксіктен көп жылағанға ұқсайды. Одан ары жөн сұрап қыстаған жоқ, жарты стақан қымызды зорлай жұтқызып төсекке салды.

– Кешіккеннен-ақ сескеніп еді-ай, сорлы жүрек, – деп ана оның оттай лапылдаған екі бетін көкірегіне басып, ұзақ егілді. Ұшықтатып жібермекші болып көрші-қолаңының біреуін шақырайын десе, жалғыз қалдыруға жүрегі дауаламады. Әншейінде бірі кіріп, бірі шығып босағаға маза бермейтін кезбе аяқтар да тыйылып қалыпты».

Артынша әкесі Бошай қарт та келді. Кемпірі «Шал-ау, бүгін Меруертжан жұмыстан ауырып келді. Ыстығы бар сияқты. Дәрігер шақырасың ба?» дейді. Алайда, секемсіз көңіл әке жүрегін мазаламаған. Кірпіктері айқасып, мызғып кеткен «жалғызын» маңдайынан мейірлене иіскейді. «Шаршаған ғой. Ештеңе етпес». Алаңсыз, бөтен бірдеңе ойламайды. Бү кезде Меруерт пәк көңіліне дерт салған досы Гауһарды тағы да есіне алды. Жұбы жазылмай тел өскен құрбысының қылықтары, жұмысқа ебі жоқ қырсыздығын бетіне басқанына налиды іштей. «Несіне қысыламын. Бәрінен бұрын татулығымыздың тыныштығын бұзған «жетім қыз» деген сұмдық сөзін естігенше өліп кетпеймін бе?» Ол үн-түнсіз орнынан түрегелді. Ойы әлем-жәлем. Кәне, авторлық баяндауға зер салайықшы.

«Жасы кәмелетке толса да, Меруерт атасы мен апасына жас баладай еркелейтін. «Ананы әпер, мынаны әпер, ананы ішем, мынаны жеймін», – деп назданатын. Дәл қазір сол балалық назы су сепкендей басылған. Қара құстың қанатынша жайылған ыстық құшағының меселдесі қайтып, Бошаң да қапаланып қалды. Меңдікүл шешей ыстығы қайтып па екен білейін деп маңдайына алақанын тоса беріп еді, «Қойшы, мама, менің еш жерім де ауырған жоқ», – деп оны да жақтырмады.

– Алтыным-ау, енді не, әлде біреудің тілі тиді ме?

Маңдайын алақанына салып үнсіз отырған Меруерттің қос жанарын кеулеп жас іркіле қалды. Жанын жеген дертті айтайын деп әлденеше оқталса да, күпті жүрегі сыздап сөзге жол берер емес. Ол бұрыла беріп, көз жасын бір іркіп тастады да, сыртқа жүгіре жөнелді. Меңдікүл шешей де сыртқа көлеңкесіндей ілесе шықты. Алайда көз жазып қалды.

– Алтын.

Үн жоқ.

– Меруертжан.

Үн жоқ.

Меңдікүл шешей оны ауланың бір қалтарысында жылап тұр деп ойлады да. Үйді екі-үш айналып шықты.

Үн жоқ. Тым-тырыс».

Ызаға булыққан өжет қыз түнделетіп қырманға тартады. Көкірегіне түйіндей боп жабысқан жұмбақтың сырын білуге асығады. Осы уақытқа дейін аялап-мәпелеп өсірген апасы мен көкесінің көңілдеріне де қылаудай қаяу түсіргісі жоқ. Сондықтан да асты-үстіне түсіп өбектеген қос мұңлыққа ләм-мим жақ ашпайды, басы артық жат қылық сездірмеуге тырысады. Өйткені, олар кінәлі емес. Бар жазығы мені әке-шешемнің жоқтығын білдірмей өсіргені ме? Қаңқу лепесті құлаққа қыстырмай-ақ, қолды сілтесем бе екен? Әр нәрсені ойлап басын қатырған Меруерт бар құпияның кілтпанына көзін жеткізуге бел буады. Қорқыныш пен үрейді ұмытқан ол қырманға барар жолдағы «киелі» өзеннен де тәуекел деп өтеді. Қырманға жетіп, жанына жақын таныстардан «Расымен мен асырандымын ба?» деп сұрамақшы. Абырой болғанда өзен жағасында түн жамылған Меруертке өз әпкесіндей жақсы сыйлап, құрметтейтін Асыл комбайнер жолығады. «Жеті қараңғыда қорықпай қайдан жүрсің?» деп таңырқаған Асыл апай қаршадай қыздың төтеннен қойған секем сұрағына одан бетер аңырып қалады.

– «Осы менің әке-шешем кім?..»

Күтпеген сауал. Сәл мүдіріп, жетектегі атының әбзелін жөндеген боп ол әңгіме арнасын лезде бұрып жіберді. «Асықпай тағы бір реті келген жерде түсіндіремін. Жүректерді жараламайын». Шын мәнісінде ол бәрінен хабардар еді.

Иә, Меруерттің туған анасы тірі. Егер іздеп барса мейірлі ана құшағы ашық. Алыста да емес, иек астындағы қалада тұрады. Асылдың айында болмаса да жылында кездесіп жүрген сырлас адамы. Қалаға жолы түсіп бара қалса, оған Асылдың соқпай кеткен күні жоқ. Және қашан кездессе де екеуі шұрқырай табысатын. Аты Ақкүміс. Жоғары оқу орындарының бірінде оқытушы.

Өткен күзде де Асыл Ақкүмісте қонақта болып қайтты. Шіркін, ана көкірек десеңізші, сондағы Ақкүмістің Меруертін есіне алып егілген көз жасы күні бүгін көз алдында. Солай Ақкүміс онда қатты егілген. Өзінің жалғыздығын, соңынан қара ермегендігін айтып мұңын шаққан.

Асыл Меруерттің әкесі Жұрағатты да біледі. Бір мектепте оқыды. Қызметтес те болды. Ақ көңіл адал пиғылмен танылған іскер жігіт еді. «Ай сен» деп бір пенденің көңіліне дық салмаған жібек мінезді азамат болатын. Ол да Бошаңның қолында өсті. Тумаса да туғандай етіп тәрбиелеген Бошаң оны да. Бірақ тағдыр оның өрісін ұзартпады. Кешегі қанды қырғын жалмап кетті. Жұрағат майданға кеткенде Ақкүміс Бошаң үйінің табалдырығын аттағанына екі-ақ жеті өткен. Сол бойында Меңдікүл шешейдің қызындай болып отырып қалды. Артынша өмірге Меруерт келді. Әкесін білмейтін сәби ата-анасының құшағында өсті. Ақкүміс үзілген оқуын жалғау үшін қалаға кетіп, сонда тұрақтап қалды. Содан бері он жыл...

Ақкүміс қанша егіліп, еміренсе де Меруертті іздемеді. Кәрі ата-енесін жылатқысы келмеді. Тағдыр тәлкегі оларды осылайша алыстатқан. Бірақ, өзекті өмірдің өз жолы бар екен. Аяқ астынан тулаған Меруерт ыстық ұясынан қашып кеткен күні барлық жағдайды естіп-біледі. Сөйтіп іргедегі қалаға барып, туған анасын тауып алады.

Әңгіме мұңды сазбен аяқталады. Қол ұстасқан жазықсыз жандар ауылға бірге оралады...

« – А-а... алтыным менің, жалғызым менің. – Бошаңның буыны да, даусы да босап кетті. Меруерт атасының кең құшағына ұшып кеп енді, аймалай еркелеп бетінен сүйе бастады...»

Қаламгер Мүбәрак Сыдықовтың екінші туындысы да ешкімді бейжай қалдырмайды. Бірінші әңгімеде лиризм басым. Жүрекке жылылық сезімдерін ұялатып, имандылық тәрбиесін шым-шымдап жеткізуге ден қойылады. Оқиғаны дамытып, жеткізудегі нәзік нақыштар бір-бірімен әдемі үйлесіп жатады.

Ал «Қарымтада» жас талаптың алабөтен ізденісі көзге оқшау шалынады. Әңгіменің әлқисса-абзацынан-ақ оқиға градусын анық аңғарамыз.

«Бектеміс орталыққа барамын десе болды, Гүлжәмиляның төбе шашы тік тұратын еді. Ол күні оның ыңқыл-сыңқылы да жиілей түседі. Кейде тіпті қалың көрпені тұмшалана бүркеніп, тұрмай қоятыны да бар. Бірақ жиырма жыл отасқан зайыбының сыры еріне аян. Тағы біреулермен түс шайысып қалар, одан да осы жиналысы құрғырға бармай-ақ қойса дейді. Әйтпесе үзіп-жұлып бара жатқан ауруы жоқ. Тек жиналысқа жібермеудің амалы.»

Бір назар аудартары, шығарманың өн бойындағы динамика соңына дейін ілкі сәт бәсеңсімейді. Қақтығысқа толы оқиғалар шиыршық атқан күйі біріне-бірі ұласып, кейіпкерлер арасындағы тартысқа күшті реңк береді. Маңайындағы үлкенді-кішілі құбылыстарға әсте самарқау қарамайтын қарапайым еңбек адамы, малшы Бектеміс бейнесі есте қаларлықтай кескінделген. Өз шаруасына мығым ол өзіне жүктелген жұмысты барынша адал атқаруға құмбыл. Кез келген проблемаға ұсақ-түйек мәселе деп қарамайтын ол әділдіктің ақ жолында ұдайы күйіп, өртеніп жүреді. Келеңсіз кемшіліктер мен әділетсіздіктерге ешқашан төзбейді. Жиналыста болсын, әрқилы басқосуларда болсын бастық демей, бригадир демей міндерін беттеріне басып, жұрттың көзінше мәймөңкелемей сынайды. Жай ғана семсер сөзбен осып-осып қоймай, қоғамдық тәртіптің берік сақталуын қатал талап етеді. Бектеміс образын жазушы сәтті де, нанымды сомдаған. Аңқылдаған адал, аузын ашса жүрегі көрінер ол өзіне қарсы жаманшылық ойлайтын қуыс кеуде пасықтардың өзіне қарымта ретінде тек жақсылық жасаудан жазбайтын ерекше жан.

Бектемістің төңірегінде жүздесіп қалар кейіпкерлер де өздеріне ғана тән мінез-

қылықтарымен дараланады. Демек, мұның өзі жазушының образдар мүсіндеудегі қабілет-қарымын көрсетсе керек. Мысалы, сырт көзге эпизодтық бейнелер іспетті Гүлжәмила, Колхоз-бастық, Тәліп тәрізді қаһармандар ұсақ-түйек болып шалынар іс-әрекеттерімен-ақ оқушы есінде қалады.

Жазушының тілі құнарлы, көркем ойдың тереңдігін танытатын тың теңеулер мен сәулелі сөйлемдер, бейнелі тіркестер мен шынайы диалогтар тырнақалды туындыда молынан ұшырасады. Ең бастысы, жазушы үлкен өмірдің іздерін өзінше өрнектеуге ұмтылады. Біз соған қуандық. Біз соған сендік.

\* \* \*

Жоғарыда мегзегеніміздей «Меруерт» пен «Қарымтаның» авторын көп іздестірдік. Шартарапқа жар салмасақ та талай жерге телефон шалдық. Алғашқы әңгімелер қалай жазылды, жас жазушылар жинағына кімдер бас-көз боп кіргізді, жалпы өзі кімдермен бірге оқып, қай редакцияларда қызмет етті, кейінгі творчестволық жолы туралы нендей деректер мен мәліметтер білеміз деген сауалдар қатты мазалаған... Жазушылар одағына мүше болуға да асықпағанға ұқсайды. Ешқандай анықтамалықта екі-үш ауыз дерек жоқ. Неткен қарапайымдылық десейші. Әйтпесе... Тұщымды дәнеңе жазбай-ақ «жазушымын» деп жанығып жүргендер жыртылып айырылады...

– Сіз Мүбәрак Сыдықов деген қаламгерді білесіз бе?..

Көмейімізді бүлкілдеткен осынау сауалды ең бірінші боп жазушы Дулат Исабековке қойғанбыз. Ондағы ойымыз белгілі. «Таңғы шықта» Дулат ағаның «Шойынқұлақ» атты әңгімесі бар. Алғашқы туындылары кітапқа енген жас қаламгерлер бірін-бірі тануы мүмкін ғой.

– Өте ертеректе түнделетіп Мүбәрактің үйіне әндер мәтінін жазатын белгілі ақын Нұрсұлтан Әлімқұлов екеуіміздің барғанымыз еміс-еміс есімде, – деген Дүкең өткен жылдарды жаңғыртып. – Жас кезіміз, ойда ештеңе жоқ. Әңгімелері әр-әр жерде шығып жүрген. Жазғандары тәуір. Менің сондағы байқағаным, өте жұпыны тұратын секілді. Өзі бізден ересектеу. Біз барғанда әйелі Мүкеңнің қолжазбасын тарсылдатып мәшіңкеге басып жатыр екен. Дереву қоя салып, қонақ күту қамына кірісті. Есімі есімде жоқ. Мүбәрак Орал облысының жігіті болуы керек. Одан кейін мүлдем кездеспеген сияқтымыз. Ертерек қайтыс боп кетті-ау. Кейінгі тағдырынан хабарсызбын.

Іле-шала Батыс Қазақстан облысы бойынша өзіміздің «Егеменнің» меншікті тілшісі Темір Құсайынға хабарластым.

– Орал аймағында ондай журналист те, жазушы да жоқ. Әлде, бұрынырақта істеді ме?..

Дүдәмал, екі ұштылау жауапқа құлазып қалдым. Темірге ренжудің реті шамалы. «Таңғы шықпен» жасты жігіттер қайдан білсін. Кітап шыққан жылдары мектеп табалдырығын аттамаған ғой, тіпті! Үмітімді үзбей, оралдық ақындар Қайрат Жұмағалиев пен Ақұштап Бақтыгерееваға телефондадым. «Аты-жөні таныстау. Негізінен ғалым секілді. Маңғыстаулық әдебиетші Қабиболла Сыдықовтың жақын туысы емес пе екен?..» Өз облыстарының зиялы азаматтарын бес саусақтарындай білетін аға-апамыздың айтқанына қалайша сенбейсіз.

«Жоқ, неде болса Алматыдан іздеу керек». Бөгелмедік. «Таңғы шықтың» жарық көруіне бірден-бір мұрындық болған, сол жылдары «Лениншіл жас» газетінің (қазіргі «Жас Алаш») әдебиет бөлімін басқарған, бүгінгі атақты жазушы ағамыз Қалихан Ысқақовпен сөйлестік.

– Ой, Жанатжан, жоғалып кеткен жазушыны іздегенің қандай жақсы. Мүбәрак Сыдықовты білемін, танымын. Бірақ, етене араласқан адам емес. Нақты дерегім – Семейдің жігіті. Алғашқы әңгіме, очерктерін талай рет оқыдым. Әдемі жазатын. Семейге, тұп-тура «Абай» журналына хабарлас. Мүбәракті марқұм Ырысхан Мұсаұлы жақсы білсе керек. Әлгі, өзің де білетін шығарсың... Тыныштықбек ақынға Әбдікәкімовке звонда. Жерлестері жөніндегі біраз деректерді тауып берер...

Қалағанның кеңесімен Тыныштықбек бауырды іздедім. Телефон құлақшасын өзі көтерген ол құрақ ұшып жатыр. «Өкінішке қарай, білмейді екенмін. Елден өте ерте қол үзген-ау,

шамасы. Жергілікті ескі көз қаламгерлерден сұрастырып көрейін. Қалалық газетке барып шығайын бүгін-ертең...»

Мазасыз мінез тыпыршытып отырғызбаған. Алматы мен Астанадағы біледі-ау деген біраз ақын-жазушыларға хабарласып шықтым. Төлек Тілеуханов, Күләнда Ұзақбаева, Мыңбай Рәш, Уақап Қыдырханов, Жұмаш Сомжүрек, Сұлтан Оразалинов, Зәкір Асабаев, Ақкөл Отарбаев секілді біз тілдескен қаламгерлер там-тұмдап болсын Мүбәрәк аға туралы жадыда қалған естелік үзіктерін жеткізген. Жүрек түкпірінде сақталған жалғыз-жарым сөздердің өзінен-ақ көп жайды аңғару қиын емес. Кәнеки, солардың кейбіріне құлақ түрейікші.

Уақап «Өте шешен сөйлейтін. Жазуы да жақсы еді. Томаға-тұйық, Ұмытпасам, келіншегі бір редакцияда корректор боп істеді-ау деймін», ал Төлек аға «Әңгімелері баспасөзде жиі жарияланды. Неге екенін білмеймін, «Жұлдызға» көп келмейтін. Өзі авторлық құқық қорғау мекемесінде жұмыс жасаған секілді. Сексеннің сегізіндегі Күләнда апай біліп қалар...» деген-ді. Алайда о кісі жыға танымайтын боп шықты. Мыңкеңнің сөзіне сенсек, тоқсаныншы жылдары Ақмолаға кетіп, сонда қайтыс болыпты-мыс. Жұмаш пен Ақкөл «Мүбәрәк Сыдықов өте талантты журналист. «Ауыл шаруашылығы» журналында тілші-аудармашы боп қызмет атқарды» дейді шегелеп. Зәкір көкеміз бен Сұлтекең журналист Мүбәрәк Сыдықовтың есімі мен фамилиясы бірдей ЦК-да, «Казкинига» мен «Литода» лауазымды жауапты қызметте болған аттасымен шатастырыпты.

Мән-жайды түсіндірейін. З.Асабаевтың сілтеуімен алматылық ерлі-зайыпты баспагерлер Сайран мен Гауһарға хабарласып, ұзақ сөйлестік. Сайран Мүбәрәк Сыдықовтың туған ұлы болса, Гауһар – көрнекті ақын Қуандық Шаңғытбаевтың кенже қызы көрінеді. Жарыса елпілдеп-ақ жатыр. Сөз арасында өткен жылы әкелерінің естелік мемуарын шығарғандарын айтқан. Бірақ, ол кісінің ешқашан көркем шығарма жазбағанын ескертті. «Жоғары партия мектебін бітірген, таза шенеунік. Өзі Семейде емес, Павлодар облысының Ертіс ауданында 1923 жылы дүниеге келген. Аттастар ғой. Сирек есімдердің дәл қайталауын көрмейсіз бе?!».

Біз де қайранбыз, таңырқай бас шайқадық. Осымен соңғы нүктені қоюға болар еді. Өйтпедік. Қолға алған шаруаны одан әрі індетіп, Республикалық кітап палатасына сұрау салдық. Ондағы ой – «Таңғы шықтағы» өзіміз талдаған екі әңгімесінен басқа автордың қандай жазған-сызғандары бар екен?

– Үш-төрт сағат уақыт беріңіз. Елу жылғы мұрағатты сүзіп, каталогтарды бөлек-бөлек қарап шығайын, – деген Кітап палатасының жауапты қызметкері Гүлшат Бейсенова елгезектік танытып.

– Жарайды, асықпаңыз. Нендей деректердің тіркелгенін көрейік.

Гүлшат көп күттірмеді. Әлгіндегідей емес, даусы да жарқын-жарқын естілген.

– Қуана беріңіз. Мүбәрәк Сыдықовтың көптеген материалдарын таптым. Журналистік жазбаларымен бірге, «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас», «Жалын», «Қазақстан әйелдері», «Жетісу», «Қазақстан ауыл шаруашылығы» тәрізді газет-журналдарда көркем әңгімелері мен очерктері жиі шығыпты. Бәрін бірдей тізіп алуға мұршам жоқ. Көзіме ілінгендердің тақырыптары мынадай. Кәне, жазып алыңыз. «Аққозы», «Тұлпардың тұяғы», «Көз жасы», «Ол бақыт іздеп еді», «Ақталған үміт», «Арал қызы», «Талқы», «Зәру», «Теңізбен мұңдасу» т.б. Сондай-ақ, ол өлең жазыпты. Компьютерде тізіліпті. Ең бастысы, Мүбәрәк Сыдықов қайтыс болғаннан кейін 1990 жылы «Жалын» баспасынан «Ар мен шер» аталатын үлкен кітабы жарық көріпті. Құрастырушысы – Б.Сыдықов. Бұл кітапқа жазушының «Сенім» романы, «Балдақты адам» повесі, «Меруерт» және «Тентек сары» әңгімелері еніпті. Иссапардан туған проблемалық мақалалар мен суреттемелер де көп-ақ. Мұның бәрі маңдай тердің жемісін бейнелесе керек.

– Өте өнікті еңбек еткені көрініп-ақ тұр емес пе!

– Әрине, әрине...

– Жалғыз-жарым дерекке зәру болған бізге бұдан артық қандай мәлімет қажет?! Ең алғашқы әңгімесі «Меруерт» те кейінгі кітабына кіріпті. Қандай жақсы... Қуанғанымды